

Өткен өмір ізгері

Екібастұз даласы-Сарыарканың Ертіске беттеген байтағындағы мүйістердің бірі. Мұның ежелгі көне дәуірлерде адам баласына мекенжай болуы жалпы Сарыарқаға тән қасиет-ті. Бұл өңірде жүргізілген археологиялық зерттеулерден, қазбалардан тас, қола, темір дәуірлерінде адам қоғамына мекен болғаны анықталған.

Өлеңті, Шідерті өзендері, тұщы көлдер маңында көне дәуірлердегі қауымның мекені, ыдыс-аяқ, құрал-саймандары табылған, көптеген жерлерде жалпақ қалақ тастан жасалған қабір молалар, төбешік көмбелерлі кездестіруге болады. Екібастұз даласын адам баласы ежелден мекен еткен.

Екібастұз өңіріне қазақ елі "Ақтабан шұбырынды" дәуірінен кейін қоныстанбаған. Құлағы түрік оқырманға бұрыннан мәлім етілгендей, 2006-2007 жылдарда осы өлкенің Қаражар ауылдық мекенінің тұсында Павлодардан арнайы маман ғалымдар келіп, жұмыс жасағанда, шындығында да ХҮ ғасырда бұл қасиетті жердің хандар орталығы екендігі айғақты заттармен дәлелденген. Ақкөл-Жайылманың бақ дарыған сұлу көркі көзге түспесе де, өзіндік табиғи ерекшелігі айқын. Шідерті өзенінің бір бүйірін ала қоныс тепкен дөң-ойпатты бұрынғы Екібастұз совхозы, қазіргі Төртүй ауылы жайлап отыр. Жолдан кезіккен социалистік құрылыс көшпелі қазақ тұрмысына өзгерістер әкелді деп айта кету ләзім. Жалпы, XX ғасыр адамзат тарихында қилы-қилы оқиғаға толы екені белгілі. Ресей мемлекетінің ота-

рін бастап, өз алдына отау тікті. Айтпақшы, алғашқы жылдары «Екібастұз» кеңшары Баянауыл, бертін келе Краснокутск /Ақтоғай/, ал 1972 жылдан Екібастұз аудандарының қарамағына енді. Кең далада мал өсірумен қатар егін шаруашылығы да қолға алынды. Мемлекеттің күшімен жастарды тракторшылар курсына оқуға жіберді. Алғаш рет темір тұлпар руліне Зікрия Жаркенов отырды. М.Дүйсенбаев, Ж.Әндіжанов, Б.Түсіповтер де бұл кәсіпке ынта-жігермен кірісті. Бір қуаныштысы, білім ошағы мектеп те есігін айқара ашты. Тұңғыш ұстаздар-Мұстафин Әшім мен Жанкина Оспангүл шәкірттерін партаға отырғызды. Жүре-жүре мәдениет отауы пайда болды. Жылдар өте берді. Ел тұрмысы жөнделіп, көтеріліп ал-дуқаты артқан шақта Ұлы Отан соғысы килігіп, аяқтан шалды. Әскер жасындағы жігіттер неміс-фашист басқыншыла-

лардың қажырлы, табанды жұмысының жемісі. Тоқырау тұсында кеңшарда 5000-ға тарта ірі кара мал, 25000 биязы жүнді қой, 1000-ға тарта жылқы түлігі болды.

Ел ерімен көрікті

"Екібастұз" совхозының нақты даму, экономикалық өрлеу кезеңі 1960 жылдың аяғымен 1970 жылдың басы десек қателеспес-



Әгеріен

ген тұлғалардың бәрін бірдей көрсету мүмкін емес.

Төртүй тынысы

Тәуелсіз Қазақстан экономикалық, саяси, мәдени, әлеуметтік реформаларды іске асыра отырып, ХХІ ғасырда бүкіл ғаламды таң қалдырып алға басуда. Ауылдық округтерді уақыт талабына сай дамыту бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Заман ағымына сай өзгерген өңірде бүгінгі күні Екібастұз ауылдық округінде 966 адам өмір сүруде, оның ішінде Төртүй тұрғыны-666 адам.

Кәсібің-нәсібің демекші, 35 шаруа қожалығы, 1 ЖШС ел інілігінде.

Қазір округте кара мал саны-3462, қой мен ешкі-5109, жылқы-924 басқа жетіп отыр. Өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда мал саны өскен. Әрине, бұл дегеніміз ауыл халқының тұрмысының өскендігін көрсетеді. Жеке меншіктегі малға 9500 тонна сапалы шөп дайындалды. Айта кетерлігі, "АБИ" ЖШС-нің ұжымы 414 тонна арпа, 217 тонна сұлы дақпын өсіріп, жинап алды.

Сондай-ақ "Айбек" шаруа қожалығы 92 тонна картоп өндірілді. Оқу, білім - адам өмірінің қайнар бұлағы. Округте бір орта, үш бастауыш мектеп бар. Онда 144 шәкірт дәріс алады. Орталықтағы оқу ордасы компьютермен жабдықталған. Оған қоса интернетке неқ артып, интерактивті тақта орнатылған. "Денсаулық - зор байлық" демекші, дәрігерлік, емдік амбулатория да көңілдегідей жұмыс істеп тұр. Ақ халатты абзал жандар аурудың алдын алу және

белгілі. Ресей мемлекетінің отары болып қалыптасқан еліміз қазан төңкерісінен кейін тағы бір жаңаша өмір бастауға мәжбүр болды. Бостандық жетті деп түсінген шаруалар Төртүй тұрған орынға төрт шаңырақтың қазығын қадады, иелік етіп қоныс той жасады. Бұл 1927 жылдар жобасы еді. Ал ұмытылмас оқиғаға айналған 1929 жылы осында орыс геологтары, инженерлері, жер мамандары келіп, мақсатты жұмыстарын бастап кетті. Олар жер бұрғылап, тұщылау су іздеп, топографиялық карта жасады. Сөйтіп, жаз айында “Ақжар” деп аталынатын колхоз дүниеге келді. Бірден кірпіш құйылды. Жұрт қоныстанатын үйлер, кеңсе салу қызу іске асырылды. Кейіннен бұл ауылға М.В.Сталин есімі берілді. Бірте-бірте шаруашылық кеңейе берді. Шығысында Баянауыл, батысында Слеті көлі, оңтүстігінде Ереймен тау слемдері, солтүстігінде Куйбышев/Краснокутск/ кең көсіліп жатты. Бай-манаптардан өкімет күшімен тартып алынған 4800 қара мал бөлінді. Жаңа құрылған шаруашылықтың директоры қызметіне алғашқы болып Ларионов тағайындалса, жұмысшылар комитетінің төрағасы болып Шұғаев, бас бухгалтер Гальян еңбек етті. Жұдырықтай жұмылған, бірауызды болған халық қиындыққа мойымады. Шаруашылық өсіп, өркендеп, байыды. Ел тұрмысы біршама оңалды. Соның нәтижесінде 1931 жылы “Ново-Троицкі”, 1932 ж “Слеті”, 1934 ж “Чкалов”, 1935 ж. “Ақкөл”, 1961 жылы “Өлеңті” совхоздары Төртүйден енші алып, тұрмыс-тіршілікте-



рына қарсы сұрапыл соғысқа аттанды. Майдангерлердің басымы көпшілігіне топырақ жат жерден бұйырды. Бұл күнде оларға есімдері жазылып ескерткіш орнатылған. Жазылмайтын жара жоқ. Қажыған жұрт Жеңіс рухымен жігерленіп, серпіліп, ата-бабамыздан қанына сіңген қайратпен, бір женнен қол, бір жағадан бас шығарып, еселі еңбек етіп, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заманды алдан күтті.

Серпіліс туғызған 1954 жылы Қазақстанда тың игеру науқаны күшіне енді. Совет Одағының түкпір-түкпірінен Компартияның ұранына үн қосып, басқа ұлт өкілдері ағылды. Сөйтіп, «Екібастұз» совхозы 1956 жылдан бастап мемлекетке астық тапсыруға кірісті. Кеңестік дәуірде соңғы екі бесжылдықта Советтер Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің, Министрлер кеңесінің, Кәсіподақтың ауыспалы Қызыл туымен екі рет, 1985 жылы Қазақ ССР Кәсіподақ Кеңесінің туымен марапатталды. Сондай-ақ үш рет Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің, Министрлер Кеңесінің, Лениншіл жастар Одағының дипломдары табыс етіліп, мерейі үстем танылды. Бұл егін егіп, асыл тұқымды мал өсірумен шұғылданған жайсаң еңбеккер-

піз. Себебі бұл жылдары жасарған бес бөлімшесі бар елді-мекенді білгір, тәжірибелі директор Бекен Супеков басқарып, мол табыстарға аяқ басты. Ел ерімен көрікті. Жылқышы-Социалистік Еңбек Ері Қали Қаленов, Ленин орденді техника шеберлері-Б.Дүкенов, Қ.Тұрсынов, Құрмет белгісі орденді-А.И.Кицуль сияқты көптеген майталмандар қоғам игілігін арттырып, құрметке бөленді. Реті келгенде тілге тиек етсек, аттары әнге қосылған Түймеш, Мәкіш сынды озаттар ең бірінші болып кеуделеріне Ленин, Еңбек қызыл ту ордендерін қадаған азаматтар екенін ұмытпаған дұрыс.

«Екібастұз» совхозына директорлық қызметке жіберілгендердің ішінде: Ж.Аймуллин, Б.Хаджымұратов, Д.Ботагозовтардың іскерлік шеберлігі жұрт есінде. Өйткені, шаруашылықтың дәулетті, сәулетті ортаға айналуы билік иесіне байланысты екені баршаға түсінікті. Жақсының жақсылығын айтса, нұры тасыр. Осы өңірден академик Б.Әубәкіров, 6-7 ғылым кандидаты, профессорлар түлеп ұшқаны қашанда көңілге мерей. Төртүйлік перзенттер ел басқарып, ауылдық жерде әкімдік қызметтерде көрініп жүр. Олар: Ерлан Қасеналин, Айша Нұрымқызы. Әрине, шағын мақалада еңбегі сің-

дар аурудың алдын алу және болдырмау жолында үзбей шаралар жасайды. Олар мүмкіндігінше қазіргі талапқа сай құрал-саймандармен жабдықталған. Таза ауа - жанға дауа, ауыл “Жақсыл ел” бағдарламасы бағытында да жұмыс жасауда.

Жаз туса көшелер жасыл желекке бөленіп, үй маңында терек, талдар жайқалады. Ал түнде 48 жарық шам нұрын төгеді.

“Өшім қожа” атындағы мешіт имандылық тәрбиесінің дінге-

гі. Телефон нүктесі 112 шаңыраққа қызмет көрсетуде. Кәсіпкер Жаңабай Құсайынов ауылды таза ауыз суымен қамтамасыз етеді. Ауылдық клуб, пошта бөлімшесі, кітапхана үйі - мәдени, рухани қоғамдық орталық. Жастар арасында спорттық шаралар да ара-кідік өткізіліп отырады. Қысқасы Президент Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы - кемел болашақтың кілті. Соның бір көрінісі кәсіпкер Б.Апахановтың көз тартатын кірпіш шығаратын зауыты ауылды өндірістік жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп отыр. Рас, күрмеуі шешілмеген мәселелер де артып жетіледі. Алайда ерінбей еңбек етіп, ізденген адамға жақсы күндер алда деп білеміз.

-Елбасы бар мүмкіндікті жасап отыр. Гәп өзіміздің іскерлік қабілетімізде шығар,-деді бір сөзінде жергілікті әкім Ерлан Қабылтаев.

Алдағы жылы құрылғанына 80 жыл толғалы отырған Төртүй тұрғындарына берекелі өмір тілейміз.

Қайролла ДҮЙСЕНБАЕВ,
Төртүй ауылы